

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# Санитарлық гигиеналық зертханада жұмысты ұйымдастыру және қауіпсіздік техникасы.

Орындаған:

Факультет:

Курс: 4

Группа: 403-1-2к

Тексерген :

# Жоспары:

- Кіріспе
- Негізгі бөлм
- Ғылыми-зерттеу санитарлы-гигиеналық зертханасының мақсатты бағытталуы:
- Санитариялық – гигиеналық зерттеу
- Радиологиялық бөлім
- Бактериологиялық зертхана.
- Қортынды
- қортынды

# Кіріспе:

- **Ғылыми-зерттеу санитарлы-гигиеналық зертханасы** 2007 жылы құрылған. Жетекшісі – ҚР денсаулық сақтау үздігі, м.ғ.д., профессор Ибраев Серік Айтмақұлы, Отличник здравоохранения РК. Қазіргі уақытта зертханада м.ғ.к., доцент Жарылқасын Жеңісбек Жарылқасынұлы, және кіші ғылыми қызметкер Алексеев Алексей Владимирович еңбек атқаруда. ҒЗЖ шаршарттық тақырыптарын орындау үшін үнемі «қоғамдық денсаулық сақтау», «медико-профилактикалық іс» мамандықтарының оқытушылары, аспиранттары, магистранттары және студенттері тартылады (оқытушылар – м.ғ.д., доцент В.Н.Приз, м.ғ.к., доцент М.Г.Калишев, м.ғ.к., доцент В.И. Петров, м.ғ.к., доцент В.И.Медведев, Н.Т. Жакетаева, А.К.Омарова, МПІ бойынша магистрант – А.К.Изденов, ҚД 5-курс студенттері - М.К.Тилемисов, А.А.Баймагамбетова, А.Б.Тайгукова, А.З.Файзуллаева, А.Т.Койшыбай, Ш.Б. Байкубенов, ҚД 4-курс студенті – А.А.Амрин, және т.б.).

# Ғылыми-зерттеу санитарлы-гигиеналық зертханасының мақсатты бағытталуы:

- Өндірістік және қоршаған орта экологиясы және гигиенасы саласында кең ауқымды ғылыми зерттеулер өткізу (өндірістік ортаның физикалық және химиялық факторларын өлшеу, қоршаған ортаның әр түрлі объектілеріндегі химиялық заттарды анықтау (ауа, су, топырақ, тамақ өнімдері));
- Физиологиялық зерттеулерді жүргізу (кардиореспираторлық жүйенің функциясы, адам денесі құрылымының көрсеткіштері);
- Еңбек үрдісі және ауырлығын және зорланушылығын бағалау;
- «кілттеліп» тапсырылатын және жұмыс орындарының ведомості, аттестация карталары дайындығымен еңбек шарттары бойынша өндірістік объектілерде аттестация жүргізу.
- БАФ дәрігерлерге, студенттерге оқу сабақтарын өткізу.
- Зертханахалықаралық стандарттарға сай келетін, компьютерге шығу мүмкіндігімен портативті дизаиндағы қызіргі жабдықтармен жабдықталған. Жылжымалы санитарлы-гигиеналық зертхана бар. Приборлар жоғары сезімтал, мемтексерістен уақытылы өтеді, ҚР жабдықтар мен өлшеу приборлары реестріне енген.

- Санитарлық-гигиеналық зертхана «Оңтүстік Қазақстан облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» РМҚК құрамына кіреді және оның дербес бір бөлімі болып саналады, зертхана тікелей орталық директорына бағынады.
- Зертхана өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын, ҚР Президентінің актілерін, ҚР Үкіметінің актілерін, өкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерін, Орталық директорының басқарушылық құжаттары мен нұсқауларын, орталықтық Жарғысын және оның негізінде құрылған регламентін, сапа менеджменті жүйесінің нормативті құжаттарын және зертхана ережесін басшылыққа алады.

# Негізгі міндеттері:

- 1. Зерттеулер номенклатурасына сәйкес зертханалық зерттеулер жүргізеді;
- 2. Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын, дәлдігін анықтайды;
- 3. Санитарлық эпидемиологиялық қадағалау департаменті және басқармасы мамандарымен бірге зертхананың атқарған жұмыстары туралы мәліметтер дайындайды;
- 4. Аудандар көлеміндегі мамандарға әдістемелік басшылық жасайды;
- 5. Санитарлық эпидемиологиялық қадағалау департаменті және басқармасы мамандарымен бірге үлгілерді алу ережесі және оларды зертханаға тасымалдау, жеткізу ережесі туралы арнайы сабақтар өткізеді;
- 6. Зертханада кезекті жұмыс тоқсанында атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, санитарлық-эпидемиологиялық департаменті және басқарма мамандарына мәліметтер дайындалады.

# Негізгі атқаратын қызметтері:

- 1. Зертханалық зерттеулерге және сыртқы ортаның физикалық өлшемдерін өлшеулерге санитарлық эпидемиологиялық сараптама жасау;
- 2. Санитарлық-химиялық, токсикологиялық зерттеулерді; шу, діріл, электр магниттік өрісті және де басқа физикалық өлшемдерді сыртқы қоршаған ортада анықтау;
- 3. Санитарлық эпидемиологиялық және қоғамдық гигиеналық мониторингке қатысу;
- 4. Келісім-шарттар негізінде заңды және жеке тұлғаларға өтініштері бойынша сертификациялық зерттеулер мен сараптама жасау;
- 5. Жаңа құрал-жабдықтарды, өлшеу құралдарын, зерттеулер әдістерін зертхана тәжірибесіне енгізу;

# Зертхананың ішкі бөлімшелерінің қызметтері:

- 1. Санитарлық гигиеналық зертхананың бөлімшелері жоғарыда көрсетілген және төменде келтірілген функциялардың барлығын жүргізеді;
- 2. Нормативтік құжаттардың талаптарын түгел, уақытылы және сапалы орындау жұмыстарын жүргізу;
- 3. Жаңа МемСТ, НҚ, әдістемелерді меңгеру, жұмыс тәжірибесіне енгізу;
- 4. Зертханаға қойылатын метрологиялық талаптарды (температура, жарықтану, ауаның қозғалыс жылдамдығы, ылғалдық және т.б.) қамтамасыз ету, ауытқулар болған жағдайда талаптарға сәйкес реттеу шараларын жасау;
- 5. өлшеу құралдарының метрологиялық сынақтан уақытылы өткізілуін, зертхананы аттестацияға дайындауға және кезекті аттестацияға дайындауды қамтамасыз ету;
- 6. Зерттеулердің дұрыс жүргізілу мақсатында мамандардың әр бес жылда білімі мен біліктілігін жоғарлату;
- 7. Зерттеу нәтижелерінің дәлдігін, сапасын тексеру үшін әрдайым ішкі зертханалық және сыртқы бақылау жұмыстарын қамтамасыз ету;
- 8. Ішкі жұмыс ережелер талабын, еңбек және өндірістік тәртіп талабын, техникалық қауіпсіздік талабын, жұмыс орнында өндірістік тазалықты



# Санитариялық – гигиеналық зерттеу

- Санитариялық-гигиеналық зертханасына: еңбек гигиенасы, тағам гигиенасы, коммуналдық гигиена, полимерлі материалдар токсикологиясы, пестицидтер мен улы химикаттар және ЭМӨ мен басқа да физикалық факторлар бөлімшелері кіреді



# Қызметі:

- адамдар денсаулығының жағдайына қауіпті келеңсіз факторлар төңірегінде қажетті санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы, сыртқы ортаның (ЭМӨ, ЭСТ, шу, діріл т.б.) физикалық факторларын өлшеу құралдарын және зертханалық зерттеулерді іске асыру;
  - көлік құралдарына сараптама жасау, тағам өнімдерін тасымалдау үшін қолданатындар, азық-түлік шикізаты, шаруашылық - ауыз суы, химиялық, уланғыштар мен радиациялық заттар және гигиеналық нормативтер мен санитарлық ережелердің сәйкестігі;
  - өткізілетін әлеуметтік - гигиеналық мониторингке қатысу;
  - санитариялық - эпидемиологиялық сараптама өткізу және қорытынды шығару.

# Радиологиялық зертхана

- Радиологиялық зертхана «Оңтүстік Қазақстан облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» РМ?К-ның құрымдылық бөлімшесі болып табылып, орталықтық директорына тікелей бағынады;
- Зертхана өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын, ҚР Президентінің актілерін, ҚР Үкіметінің актілерін, өкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерін, Орталық директорының басқарушылық құжаттары мен нұсқауларын, орталықтық Жарғысын және оның негізінде құрылған регламентін, сапа менеджменті жүйесінің нормативті құжаттарын және зертхана ережесін басшылыққа алады.



# Негізгі міндеттері

- 1. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай мен халықтық денсаулығына қоршаған орта объектітерінің әсерін комплексті бағалау;
- 2. Санитарлық ереже және гигиеналық нормативтегі талаптар қызметінде, шаруашылық процесстерінде қабылданатын шешімдердің лайықтылығын бағалау;
- 3. Радиохимиялық, радиометриялық, спектрометриялық зерттеулер мен дозиметрлік өлшеулерді келесі мақсатпен жүргізу:
  - а) халықты әр түрлі ішкі сәуледен қорғауға бағытталған, қоршаған орта нысандарының радиоактивтік деңгейін бақылау. (су, тағамдық өнімдер, топырақ, құрылыс заттары, отын шикізаттары);
  - б) тұрғын құрылыстарда, тұрғын мен қоғамдық ғимараттарда, емдеу-алдын алу мекемелердің рентгендиагностикалық және флюорографиялық кабинеттерінде табиғи және жасанды радионуклидтердің сәулелерінен халықты радиоактивтік қауіпсіздікпен қамтамасыз ету;
- 4. Радиациялық қауіпсіздікті бақылау бөлімінің мамандарымен бірге зертханалық іс бойынша материалдарды жинақтау және талдау жасау;

# Негізгі атқаратын қызметтері:

- 1. Мекендеу ортасы факторларын өлшеу бөлімі бойынша санитарлық-эпидемиологиялық экспертиза жасау;
- 2. Адамдар мекендейтін ортаға радиоактивтік зерттеу жүргізу;
- 3. Санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік - гигиеналық мониторингті жүргізуге қатысу;
- 4. Келісім негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардан түскен өтініштері бойынша сертификациялық зерттеулер мен сараптама жүргізуге қатысу;
- 5. Зертханалық зерттеулер мен өлшеулердің жаңа әдістерін және жаңа аспаптар мен жабдықтарды зертхана жұмыстарына мақұлдау, енгізу;
- 6. қауіп-қатерді бағалауын жүргізу;
- 7. өлшеу құралдарын уақытылы тексеру мен метрологиялық аттестациядан өтуін қамтамасыз ету, зертхананы аттестацияға және қайта аттестацияға дайындау;
- 8. Зертхана мамандарының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 9. Ішкі және сыртқы зертханалық бақылауды жүйелі жүргізу арқылы зерттеулердің сапасы мен дұрыстығын қамтамасыз ету
- 10. Аудандық және қалалық зертханалардан дозиметрлік бақылау бойынша тоқсандық және жылдық есептерін қабылдау;

# Бактериологиялық зертхана.

- Ішек инфекциясының диагностикалау.
- Ауалы тамшылы жолмен берілетін инфекцияларды зерттеу.
- Медициналық кітапшаға алуға арналған зерттеулер.
- Бактериялар туралы мүмкін алуыруларды зерттеу.



# Қортынды.

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу. Атап айтқанда, заман талабына сай құрал-жабдықтармен санитарлық-гигиеналық, радиологиялық, микробиологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық және басқа да зерттеулер мен сынаулар жүргізу.
- Мысалы, санитарлық-гигиеналық зертхана жұмыс ерекшеліктеріне қарай суды, топырақты, атмосфералық ауаны, жабық бөлмелердің ауасын, зарарсыздандыру құралдарына, ойыншықтар, балалар аяқ-киімі, киімдер, кеңсе тауарлары, тұрмыстық заттардың талапқа сай келуін, тағам өнімдеріне жеміс-жидектердің құрамындағы зиянды заттардың мөлшеріне және т.б. көптеген арнайы зертханалық тәсілдер арқылы зерттеулер мен сынамалар жүргізеді.

# Пайдаланған әдебиет.

1. Неменко Коммуналдық гигиена 2003ж
2. Коммуналдық гигиенадан практикалық сабаққа арналған оқулық .Алматы 2013 ж.Б.А. Неменко , Д.Б.Бекказинова Г.А. Арынова,.Г.Б. Елғодина.
3. «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар »санитариялық нормасы
4. Қазақстан Республикасының Су Кодексі
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 141 қаулысы
7. Google kz